



ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ПЕДАГОГИКАСЫ. XXI ҒАСЫРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ

E-Learning (электронды оқытудың)
негізгі сипаттамасы



XXI ғасырдағы маңызды ептілік, ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі – сандық сауаттылық.

Оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылықтар сияқты сандық сауаттылықты қалыптастыруға да ерекше көңіл бөлу қажет. Өйткені ЖЕЛІ – бұл сандық дәуірдегі адамдардың өмір сүру ортасы. «E-Learning» немесе электронды оқыту ұғымы ғылыми айналымға посткеңестік білім беру дәуірінде енсе де, осы уақытқа дейін жаңа ұғым немесе неологизм ретінде қарастырады. Алайда аталмыш ұғым түсіндірмесі феномендік мәнін тереңірек қарастыруға мүмкіндік береді. Ұғымда электрондық сөзін қысқарту үшін «Е» (ағыл. «electronic») деп қолданылған. Ағылшынша «learning» «оқыту» дегенді білдіреді. ЭО жөнінде айта отырып, біз кең мағынасында электронды құрал қолданылатын оқыту үдерісі жайлы сөз етеміз.

Электрондық оқыту анықтамасы

ЭО ұғымына қазіргі таңда ғылыми әдебиеттерде көптеген анықтамалар берілген. Берілген анықтамалардың ортақ мағынасы болғанымен олардың түсіндірмесі әртүрлі, негізінен ақпараттық коммуникациялық технологиялардың алуан түрлілігіне және оқуға деген өзгерген тәсілдерге негізделеді. Алайда Каталонск ашық университетінің (Испания) мамандары ұсынғандай, ЭО ұғымының түрлі түсіндірмелерін жіктеуге болады. Олар ЭО анықтамасындағы түйінді сипаттамаларды топтастырып, келесі 4 категорияға бөліп көрсетеді:

- технологиялық құраушылар;
- контентті жеткізу тәсілі;
- коммуникация үрдісін қолдау;
- оқыту парадигмасын өзгерту.

Осылай, бірінші категория аясында ЭО білім беру мақсатындағы заманауи ақпараттық коммуникативті технологияларды қолдану деген анықтама беріледі. Мұнда технологиялық бағытқа басты назар аударылып, ЭО берілген басқа сипаттамалары қосалқы түсіндіру үшін ұсынылады.

E-learning – бұл компьютер, телефон немесе портативті қондырғы арқылы оқу материалына қолжетімділікті қамтамасыз ететін сымсыз немесе кабельді қосылыстар, модем көмегімен жүзеге асырылатын онлайн-оқыту. Екінші категория ЭО оқу-оқыту іс-әрекеті барысында білім беретін ресурстарға қолжетімділік құралы ретіндегі анықтамасын ұсынады.

• E-learning – бұл синхронды секілді асинхронды режимде де интернет арқылы тұтынушыларға білім беру қызметін ұсынатын мүмкіндікті сипаттайтын онлайн-оқыту (Lee&Lee, 2006);

Коммуникация үрдісі категориясындағы ЭО анықтамасын қарым-қатынас, өзара әрекеттестік және бірлескен жұмысты жүзеге асыру үшін бірінші кезекте ұсынады, мысалы:

• E-learning – бұл педагогикалық өзара әрекеттестіктің сан алуан түрін (оқушы – меңгеру нысаны, оқушы – оқытушы, оқушы – ұжым) қамтамасыз ететін оқыту веб ортасы (González-Videgaray, 2007).

Сонымен, соңғы ЭО берілген түсінік оқытудың жаңа тәсілі немесе ертеден келе жатқан білім беру парадигмасын жетілдіру ретінде анықтайды. Мысал ретінде келесі анықтамалар келтіруге болады:

• E-learning – бұл қолжетімді ресурстар мен сервистер, мультимедиялық технологиялар мен интернетті пайдалану арқылы оқыту сапасын жетілдіру (Alonso et al., 2005).

• E-learning – бұл оқу-педагогикалық іс-әрекеттің синхронды және асинхронды құралы ретінде АКТ-ны қолданатын білім беру үрдісі (Jereb&Šmitek).

Сонымен, осы 4 түсінікті тұжырымдай келе, электронды оқыту, ол:

- оқу-педагогикалық іс-әрекет;
- немесе жартылай қолданылатын білім беру моделі;



- білім беру қызметіне қарым-қатынас және ықпалдасу үдерісін нығайту, жетілдіру мақсатында АКТ мен есептеу қондырғысын қолдану;
- заманауи тәсілдерді оқыту үрдісіне икемдеп қамтамасыз ету.

Интернет, әлемдік ғаламтор мен мультимедиялық технологиялардың артықшылығы олардың білім нарығына жаңа мүмкіншілік және жаңа оқыту тұжырымдамаларын, білім беру стратегиясы мен құралдарын терең түсінуге, жасақтауға алғышарт болып отыр.

Осылардың ішінен басшылыққа алатындары:

- ара-қашықтықта байланысу мен ақпарат алмасу;
- тұтынушылардың жеке танымдық бейімділіктерін есепке алу (дербестендіру);
- интерактивтілік;
- мобильділік (ұтқырлық, жинақылық);
- виртуалды серіктестік/ынтымақтастық.

Коммуникация тәсілі мен құралы бойынша жүйелеу

Бұл өлшемдер пайдаланылатын электронды құралдарды көлемі сонымен қатар, оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасының физикалық «қашықтығы» дәрежесі бойынша бөледі. Біріншіден, осы жіктеме шеңберінде ара-қашықтық оқытуды бөліп көрсету қажет. Біз ҚО-ды мұғалім мен оқушы арасындағы қашықтан ықпалдасатын оқыту үдерісі деп түсінеміз, яғни олардың әр жерде болуына қарамастан арасындағы коммуникация техникалық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асады.


Сонымен қатар біз осы типке оқушылардың сыныпта болуы тек емтихан кезіндегі келуімен немесе оқу жылының басында ұйымдастыру жиналысына қатысуымен шектелетін оқу бағдарламаларын да жатқызамыз.

Қашықтан оқытуда оқу әрекеті үрдісінің өзі және оны ұйымдастыру тәсілі де өзгереді: оқытушы оқушымен тікелей байланыста болмағандықтан, оған ақпаратты қалай беруін, оның түсінікті және қолжетімді болуын, оқушы алған білімін практикада қолдана алуы үшін қандай тапсырманы ұсынуды, оқушылар арасындағы өзара әрекеттестікті қалай ұйымдастыру қажеттілігін ойластыруы керек.

Пенсильван университетінің профессоры Майкл Мур, ҚО контекстінде өзара әрекеттестікті зерттей отырып, «Трансакция қашықтығы/келісім қашықтығы» (transactional distance) ұғымын енгізуді ұсынды. Трансакция/келісім – бұл қарым-қатынас бірлігі, ал трансакция қашықтығы – бұл табысты коммуникация үшін оқытушы мен оқушы өтетін арақашықтық. ҚО-да бұл арақашықтық оны өту үшін әртүрлі параметрлерді ескеру қажеттілігін көрсететін ерекше үлкен болуы мүмкін. Мұнда географиялық арақашықтық ғана емес, коммуникация барысында көрінетін әлеуметтік, когнитивтік қашықтықтың маңыздылығы жайлы сөз қозғалады.

Сондықтан, трансакция қашықтығы оқушының қашықтықтан жұмыс істеу барысындағы қиындықты білдіреді: ол неғұрлым аз болса, соғұрлым оқу материалы оңай меңгеріледі. М. Мурдың пікірінше, диалог мұғалім мен оқушы арасындағы қашықтықты азайтады. Шын мәнінде оқыту барысында чат немесе форум арқылы оқушылардың вебинар барысында сұрақтар қойып, оқытудың мазмұнын талқылауға, пікірталас жасауға кері байланыс мүмкіндік береді. Бұл қашықтықтан оқытуда маңызды, себебі оқу барысында теориялық материалдарға қатысты кездейсоқ сұрақтарды қоюға жол бермейді.

Қашықтықтан оқыту курсының екінші өлшемі оқу материалын жекелендіру мүмкіндігінің болуы (Мур бойынша – құрылым). Осы орайда, оқушылар үшін оқыту алдында бағытты тест тапсыру, әртүрлі мазмұнды курсты таңдауға немесе оның тарауын оқу ретін таңдау мүмкіншіліктері туралы сөз болмақ. Неғұрлым интерактивтілік және дараландыру жоғары болса, соғұрлым трансакционды қашықтықты қысқарту мүмкіншілігі ұлғаяды.



ҚО-дағы трансакция қашықтығы. М. Мурдың жұмысынан адаптацияланған (1972, 2006)

Үшінші өлшемнің маңыздылығы – ҚО жағдайдағы оқушылардың дербестік дәрежесі. Дербестік және диалог деңгейіне байланысты әрбір курста оқушыларға өз бетімен жұмыс жасаудың әртүрлі деңгейін дамыту қажет.

Егер біз оқытушы мен оқушы арасындағы өзара әрекет мүмкіндігі, сонымен бірге білім беру контентін дараландыру үшін оқытуды алатын болсақ, онда оқушыға білім беру бағдарламасын және тапсырмаларды табысты орындау үшін дербестіктің жоғары деңгейін дамытуы қажет. Бұл электронды оқыту сценарийін құрудағы маңызды себептердің бірі мақсатты аудиторияның болуы шарт.

Көбінесе қашықтықтан оқыту сыныптағы жұмыстармен үйлестіру қажет. Әдетті оқытудың бұл түрін аралас немесе гибриді (blended learning) деп атайды. Жіктеменің екінші түрінде ҚО-дың өзіндік ерекшелігі мен дәстүрлі сынып жұмысы үйлестіреді. Аралас оқытуда, қашықтықтан оқытуда бұл екі құраушының қанша пайыздық ара-қатынаста болатыны жайлы айтуға болады деген сұрақтар туындайды. Алайда оқытудың осы түрлері арасында айқын шектеу жоқ, біз аралас оқыту сыныпта 20–50%, ал қалған көлемі қашықтықтан оқыту деп айтамыз.

Аралас оқытуды жоспарлау барысында жұмыстың қандай бөлігі қашықтан, ал қаншасы сыныпта орындалатынын ойластыру қажет. Оны қалай анықтауға болады? Көп жағдайда бұл мазмұнға, сондай-ақ оқытудың педагогикалық мақсаты мен міндеттеріне байланысты болады. Мысалы, егер оқытуда білімді практикалық қолдануға назар аударылса, онда оқушыға теориялық материалмен мультимедиялық ресурстар немесе электронды кітапхананы пайдаланып, қашықтықтан танысуды ұсынуға, сосын сыныпта жұмыс барысында бірлесіп талқылауға, практикалық білімді немесе лабораториялық жұмысты орындауға болады. Шетел тілін оқытуда, мысалы, ҚО платформасы көмегімен жазылым тілін және грамматикалық жаттықтыруға арналған тапсырмаларды орындауды ұсынуға және сыныпта ауызша сөйлеуге машықтандыруды пайдалануға болады.

Көптеген эксперттер мен оқытушылар аралас оқытуды өте оңды қиыстырылған деп есептейді, ол бірмезгілде дараландыру тәсілінің мақсатымен мультимедиялық құралдарды пайдалануы мүмкін және тікелей пікірлесу, қашықтықтан оқитын оқушылардың оқшаулану сезімін азайтады.

Үшінші түрине электронды құралдарды пайдалану арқылы өтетін дәстүрлі оқытуды жатқызады. Бұл жағдайда оқытушы сабақты дәстүрлі жүйеде өткізеді, ал электронды ресурстар мен құралдар материалды тереңірек беру және сабақты тапсырмалар мен жаттығулармен толықтыру үшін ұсынылып, уақытша сабақ шеңберінен тыс шығуға көмектеседі. ЭО-ды осылай қолдану қашықтықтан және аралас оқытудың қойылған мақсатынан ажыратылады, сонымен бірге оқушы бос уақыттын қосымша тапсырмаларды электронды түрде орындауға жұмсайды.



Мұнда электронды дауыс беру үшін мобильді телефонды, практикалық жұмыстарда интерактивті тақтаны пайдалану, сабақтарда және көптеген басқа жағдайда бейне жазбаны көрсетуді айтуға болады.

Осы орайда, аса танымал әдістемелердің бірі төңкерілген сынып (flipped classroom) болып табылады. Аталған әдістеменің этимологиясы сынып-сабақтық жүйені дәстүрлі қабылдауға бағыттайды: мұғалімнің негізгі материалды түсіндіру және оны үйде қолданысқа әкелу. Төңкерілген сынып – бұл негізгі концептімен сыныптағы сабақтан бұрын тез танысуды ұсынатын және сабақ уақытында практикалық тұрғыдан пікірталаста қолданылатын әдіс.

ЭО-дың жылдам оқыту (rapid learning) және мобилді құралдың көмегімен оқыту (mobile learning) түрлілігіне тоқталу қажет. Дегенмен бұл ұғымдар біздің жүйелеген үш түрімізге кірмесе де, мұнда әрбір оқыту тәсіліне тек ат беріп қана қоймай, осы әдістемеге негізделген байланыс құралы мен тәсілі туралы сөз қозғалады. Осылай, жылдам оқытуда білім беретін ресурстарды уақыт ұзақтығына қарай – көбінесе нақты концептіні түсіндіретін бейне жазбаны қолдануға, соңында бірнеше тест алуға болады.

Бұл ресурстар мазмұнына түзету енгізуге, түсінік беруге немесе материалды толықтыруға мүмкіндік беретін қарапайым бағдарламаның көмегімен құрастырылады.

Мобильді оқыту кез келген уақытта және кез келген орында білім контентіне қолжетімділік қағидасы мен оқу мақсатында смартфон арналған әртүрлі қосымшаларды қолдануға негізделеді. Қазіргі уақытта оқытудың бұл екі түрі кәсіби ортада және кәсіпорындарда оқытуда ерекше таралған.

Жоғарыда біз нақтылағандай, ЭО коммуникация тәсілдері бойынша сан алуан түрлерге бөлу шартты. Мысалы, білім мазмұнын байыту және аралас оқыту үшін электронды оқыту құралдарын қолдану арасында шекара қою күрделі. Дегенмен электронды құралдармен қанығудың әртүрлі деңгейі электронды оқытудың мүмкін сценариімен тығыз байланысты.

«Электронды оқыту» бұл білім беру үдерісін ұйымдастыру формасы, ол оқытудың мақсатына әсер етпейді және қағидалары (ғылымилық, жүйелілік, көрнекілік және т.б.) өзгермейді, бірақ электронды оқыту – оқыту әдісін, құралын және мазмұнын өзгертеді, өзара әрекеттесу сызбанұсқасының өзгеруімен және білім беру субъектілерінің бір-бірінен қашықтығының алыстығымен шарттастырылған. Электронды оқытуды ұйымдастыру барысында мәселенің әдістемелік және техникалық сипаттағы екі тобы шешілуі тиіс. Электронды оқытудың техникалық жақтарын қарастыра отырып, соңғы жылдары оқытудың қашықтық технологияларының дамығанын айтуға болады.

XXI ғасырдың басында ғаламдық желі ретінде Интернет нәтижесінде коммуникациялық салада маңызды өзгеріс болды, ол әртүрлі қашықтықтан оқыту курстарын физикалық ақпарат иесіне ығыстырып, дүние жүзі бойынша электронды оқытуды ұйымдастыру базасы болды. Электронды оқытуды жүзеге асыру үшін ұйымдарда оның ақпараттық ортасы техникалық негізі болуы қажет. Бұл орта оқытуды ұйымдастырудың барлық формасында дәстүрлі электрондық оқытуда да мектептік оқытудың жаңа стандарты (деңгей ретінде) сол жүйенің түлектеріне бірегей талап қоятындықтан, оқыту формасы мен әдістеріне тәуелсіз мұғалім тұлғасы мен қолданатын оқу-әдістемелік кешені негіз болып табылады.

Орналасқан орны мен қаржыландыру деңгейіне тәуелсіз жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын, электронды оқыту мен қашықтықтан оқытуды қолданатын білім беру ұйымдарының дайындығын бағалау үшін келесі іс-шараларды орындау қажет:

1. Білім беру ұйымдарының білім беру деңгейі бойынша білім бағдарламаларын және білім беру ұйымдарындағы басқа да жергілікті актілердің, осы құжаттарда білім беру ұйымдарында ақпараттық-коммуникативтік технологияның дамуын және қолданылуын куәландыратын ақпараттың болуын талдау.

2. Ақпараттық білім беру ортасын құруға сәйкес жағдайларды жасау мақсатында ұйымдардың білім беру үдерісін бағдарламалық-аппараттық қамтамасыздандыруды талдау.

3. Ұйымдарда білім беру үдерісін ұйымдастырудың жаңа талаптарына кадрлардың сәйкестігін анықтау мақсатында кәсіби-кадрлық қамтамасыздандыруды талдау.

Осы іс-шаралар жаңа оқу жылына дайындық аясында, ұйымның ішкі аудитінің бөлігі болып табылады, білім беру ұйымдарын аккредитациялаудың және лицензиялаудың мемлекеттік процедурасын өткізуде сыртқы бағалаудың да бөлігі болуы ықтимал.



Бүгінгі таңда мемлекеттік аймақтық заңдылықтар аясында электрондық оқыту ретінде білім алудың осындай формасын практикада жүзеге асыруға білім беру ұйымдарының дайындығын анықтайтын өлшемдер айқын емес екендігін, сонымен қатар ақпараттық жүйенің нақты сатылары анықталмағанын түсіну қажет. Сондықтан осы сұрақтардың білім беру ұйымдарының құзыреттілігіне байланысты деп тұжырымдауға болады.

Электронды оқытуды дәстүрлі сынып-сабақ жүйесінің толық альтернативі ретінде дамыту бірқатар міндеттерді шешуді талап етеді. Жоғарыда анықталғандай, электрондық оқытуды әдістемелік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және білім беру үдерісінде қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану мәселелерін жеке қарастыру қажет.

Сонымен, қазіргі уақытта ЭО теориясы мен тәжірибесі бұл құбылыс түрінің, жіктеме санының көп екендігін ерекшелеуге болады. Бұл салыстырмалы жаңа ақиқатты ғана емес, осы саладағы зерттеулер санының өсуі жайлы сөз болғанын дәлелдейді. Осы дәрісте ұсынылған ЭО-дың жіктемесі мен түрлері, бұл саланың шекарасын белгілеуге және электронды оқытуды қолданатын сан алуан түрлі педагогикалық жолдарын ойлауға мүмкіндік береді.